

ешқандай ауырудың белгілері де болмағанын айтады. «Соңғы рет стационарда Кәрімді көргенімде ес-түссіз жатты, ал қолдарында қайдан екені белгісіз көк дақтар көп болды» деп жарымен соңғы кездесуін баяндаған болатын. Содан келесі күні, Кәрім Досжанұлы сол стационарда дүниеден озды. Стационардағы дәрігерлердің айтуы бойынша, ол жұқпалы қан ауруынан дүниеден өткен екен [9, 421 б].

К.Тоқтабай 1958 жылы 28 желтоқсанда ақталып, ал 1992 жылы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Бас прокуратурасы К.Тоқтабайды толық ақтау туралы қорытынды шығарды.

Қорыта айтқанда мемлекет және қоғам қайраткері ретінде Кәрім Тоқтабай жас Қазақ республикасының қалыптасуы мен нығауына, оның ұлттық кадрларының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты, Қазақстанда білім беру, мәдениет пен ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі белсенді іс-шараларды атқарды. Ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына өз үлесін қоса білген ғалым еді.

Кәрім Тоқтабай толық ақталғанымен, есімі әлі ескерусіз келеді. Әлі күнге дейін өмірі мен қызметі шығармашылық мұрасы толық зерттелген жоқ, іргелі еңбек түгілі шағын ғылыми мақала жоқ. К.Тоқтабайдың жер жайлы жазған кітаптары, баспасөз бетіне жарияланған мақалаларын іздеп тауып оқырманмен таныстыру керек. Оның есімін мектеп оқулықтарына, қала көшелеріне беру керек. Кәрім Тоқтабайдың ел үшін жасаған еңбектері сараланып, бұл күні болмаса бір күні өз бағасын алар деп сенеміз. Сеніміміз мол. Ел үшін еміренген ерлердің адал еңбектері халқымен түбі қауышады. Сондай ерлердің бірі К.Тоқтабайдың есімін қазақ ұмытпауы қажет!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қиын тағдырлы комиссар //«Торғай тынысы», 2 бет, №109 саны / Ескендір Рамазан, «Дала дидары» газетінен / - 1991.- 6 желтоқсан.
2. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық құрал. Тарихи тұлғалар. -2 том. Баспа редакциялық орталығы.- Алматы: 1938. – 493 б.
3. Ғазымбек Бірімжан. Шығармалар жинағы. - Нұр-Сұлтан: «Qut balasy» баспасы, 2021. – 250 б.
4. 1920-1930 жылдардағы Қостанай облысындағы қуғын-сүргін: жаңа фактілер мен деректер. Репрессия в Костанайской области в 1920-1930-е годы новые факты и источники: Коллективная монография / отв.ред. Р.Байдалы. – Костанай: ИП Re-set, 2023. – 226 с.
5. Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашовцами.- А. 2016. Т2. С.27-31
6. Тоқтабаев К. Әнес Ғ., Смағұлова С. Алаш Алашорда. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2009. – 305-306 б.
7. Алаш ісі 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары / Алашское дело 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ». В двух томах – Алматы: ТОО «Издательства LEM, 2022. – 984 с.
8. Три судьбы. Ф.Ахметов. - Алматы: 2018. – 96 б.
9. «Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий(20-50 годы XX века) -1 том. Е.Т.Карина. Астана: 2022. – 622 б.

АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Ерматов Н.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., Шаяхметова М.Н.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

marjanh@mail.ru

Қарағанды қ.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан- қазақтың, барша түркі дүниесінің зиялысы және еуразиялық идеяның бастаушысы болды. Сондықтан, Әлихан Бөкейханның ойларының соңғы уақыттағы өзектілігі мен оның өміріндегі көлеңкелі тұстарды айқындау қазіргі алаштанушы ғалымдардың ең маңызды рөлдерінің бірі. Ал оның есімі әлі күнге дейін өз салмақтылығын жоғалтпауының басты дәлелдері: Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабындағы «ұлттық интеллигенцияның басшысы» және Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы «халқымыздың біртуар перзенті» деген тоқтамдарға келулері. XIX ғасырдың соңындағы ойлардың әрі қарай эволюциялық жолмен дамуы және оның XX ғасырдың басындағы маңыздылығының дамуы Қазақстан тарихында ғана емес, сонымен қатар, бүкіл Еуразия құрлығындағы мемлекеттер мен елдердің дипломатиялық қарым-қатынастарындағы рөлін тікелей көрсетеді.

Соңғы уақыттағы әлеуметтік желілердегі, БАҚ-тағы Алаш интеллигенциясы туралы әртүрлі ойлар өрбіп жүр. Сол ойларды ғылыми түсінікте дәлелдеу бұл жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады.

Қазіргі таңдағы еуразиялық көзқарастың маңыздылығы мен салмақтылығын және оның зерттелуі керек тұстарының тарихи, социомәдени, геосаяси, экономикалық аспектілерін аз да болса тарихшы ғалымдар зерттеп жүр. Алайда, оның маңыздылығының жоғарылығында сөз жоқ, себебі, Орта Азия, Шығыс Еуропа, Кавказ елдері, Қара теңіз маңындағы мемлекеттердің бір-бірімен дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастарды орнату аса маңызды және іс жүзінде оны жүзеге асыру ықтималдылығы көп болып келеді. Бұл мемлекеттер тек тарихи тұрғыда ғана емес, сонымен қатар географиялық тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланысты. Сол себепті де еуразиялық мемлекеттердің теориялық тұрғыдан қосылу идеясының өзі, кешегі өткен Алаша ханның немесе Алтын Орда заманының прототипі екенін түсіну қиын емес. Моңғол империясының нығайған мықты әскери де, дипломатиялық күшін басқа ұлыстармен қатар, Жошы ұлысы да иемденіп, өзінің мемлекеттілігінің даму деңгейінің ең биік шыңына жетті. Еуразия халықтары ежелден-ақ бірігу туралы ойларды ортаға салып, оны істе жүзеге асыруға тырысты. Одан бұрын өткен Ғұн империясының маңыздылығын айтпаса да түсінікті: «XIIIғ. Моңғол империясының құрылу принципінің түбінде түркі-моңғолдық дәстүр жатыр, ол дәстүр б.з.б.ШІғ. ғұндар заманында да болған болатын» [1]. Сондықтан да бұл идеяның басы мен тамыры, өзегі сонау ғұндардан басталса да, оның жандану дәуірі Моңғол кезеңі болса, өміршең ойдың екінші толқыны ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында болды. Яғни, протоеуразиялық ойлардың тоғысуы мен олардың білімді, оқыған азаматтардың қолдауына түсуі де осы заманда болған болатын. Бұл идея көптеген өзіміздің отандық ғана емес, сонымен қатар, алыс-жақын шетелдегі зерттеушілердің назарын аударған болатын. Олардың зерттеулері еуразиялық интеграция мен оның жүзеге асырылуы, экономикалық пен саяси-дипломатиялық мәселелерді шешу сынды сұрақтарға жауап береді. Ғылыми айналымға жаңадан келген бұл концепция, қазіргі уақытта да ғылыми орталарда өте атакты және өзекті болып қалып отыр.

Әлихан Бөкейханның және Ресей Демократиялық интеллигенциясының ол идея туралы ойлары олардың жазған мақалалары мен істеген істері айқын көрсетеді. Мәселен, Әлімхан Ермектің Алаш Орда үкіметінің атынан Уақытша Сібір үкіметіне 1918 жылы 13(26) шілде күні хат жолдағанын, ол хатта Әлихан Бөкейхан мен Хамит Тоқтамыштың қолдарының болуы сол кездегі сол идеяның реализациясын көрсетеді. Әлихан Бөкейхан 1918 жылы ол федерациялық одақты діни көзқарас негізінде құруды немесе пантүркизм идеологиясының негізінде құру туралы шешім шығарған жоқ, ол көбіне мемлекеттер мен халықтардың географиялық орналасуына аса мән береді. Яғни, Әлекең егер пантүркизм идеясын жақтаса онда Уақытша Сібір үкіметіне не үшін ондай үндеу тастайды? Себебі, Сібір аймағында православ діндегі адамдар мен ұлты орыс адамдар басым. Ал Әлекеңнің ондай ойларға бармағанын, мемлекетті дін, иә болмаса ұлт етіп құрау жөнінде ойлары өзгеше болды. Г.Н.Потанин бастаған Уақытша Сібір үкіметі де бірігуді, яғни автономиялық мемлекеттердің бір федерация астында болғанын құптады. Оған дәлел, уақытша Сібір үкіметі мен Алаш Орда үкіметінің арасындағы мынандай хат: «Необходимость созыва в ближайшее время конгресса депутатов автономных народов и окраин, очищенных от большевиков, с целью создания федеральной власти, которая, несомненно, сплотит еще неснее разрозненные части России, спаяет их прочным цементом и поднимет силу и мощь ее для защиты интересов Союза как от внутренних, так и от внешних врагов, в этом отношении представляется в ближайшее время возможность федерации Сибири, Алаш, Башкирии и Туркестана»[2]. Әрине, Әлекеңнің бұндай идеядағы көзқарастары біреуге ұнаса, біреуге ұнамағаны анық. Алайда, бұл идеяның өмірге келуінің өзі және оның дамуы қиын болды. Себебі Ресей тарихшыларының айтуы бойынша «Теоретически истоки евразийства усматриваются во взглядах славянофилов П. Я. Чаадаева, Н. Я. Даниловского и К. Н. Леонтьева», в то же время «еще в ХІХ веке альтернативный подход и проблема развития евразийской цивилизации начал разрабатываться идеологами сибирского областничества А. П. Шаповым, Г. Н. Потаниным, Н. М. Ядринцевым, С. С. Шишковым и казахскими интеллектуалами Ч. Ч. Велихановым и А. Н. Букейхановым»[3]. Сондықтан да Еуразиялық идеяның өзегі ХІХ ғасырдың аяғында қалыптасып, кейін мемлекеттер КСРО құрамынан шыққаннан кейін де өзекті бола білді. Ал қазіргі сәтте ол идея мемлекеттік деңгейде маңыз бар істерде көрінуде. «Ол КСРО қирандысында Еуразия және бүкіл әлем тарихындағы өте ерекше мемлекетаралық бірлестік – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының пайда болғанын жариялады. Екіншіден, ол 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа жоба – Біртұтас экономикалық кеңістікті жүзеге асырудың басы. Оларда жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі ұлттық мүдделердің түзілуінің көп жылғы тәжірибесі, еуразиялық интеграцияның оңтайлы моделін іздеу және миллиондаған қарапайым адамдардың жаңа үміттері біте жымдасқан.»- деп өз сөзінде Қазақстанның бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаев көрсеткен болатын[4].

Еуразиялық көзқарас әрі қарай дамуын тоқтатпады, Әлихан Бөкейхан ол идеяны ұстанғаннан кейін, оны әрі қарай таратып бақты. Сол кездегі Ресейдің демократиялық интеллигенциясымен байланыста болуы, осындай идеялардың тууына алып келді. Ол тек қана қазіргі Қазақстан аумағының солтүстік терәскейіне байланысты емес, сонымен қатар оңтүстік аймақтарға қатысы болды. Оған дәлел, 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында «ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ СЪЕЗИНІҢ ҚАУЛЫСЫ»-нда көрсетілген. Жиналған сол кездегі зиялылар: «Бөкейліктен: Ғабдолла Мұқашұлы, Мауби Жұмәліұлы, Ижан Көмекұлы, Ибраһим Молқашұлы, Сейітхан Әжігерейұлы.

Орал облысынан: Дулатшаһ Күсепқалиұлы, Нұрғали Ипмағамбетұлы, Хасен Нұрмұхаметұлы, Тақберген Жамашұлы, Керей Есенғұлұлы, Ғабдолла Досжанұлы, Аспандияр Кенжеұлы, Нұрмұхамет Қалменұлы, Ғұбайдолла Әлібекұлы, Дәулетияр Айсарыұлы.

Торғай облысынан: Сейітгәзім Кәдірбайұлы, Омар Алмасұлы, Намазбай Шәуменұлы, Сағынай Елшіұлы, Сұлтанғазы Ысқақұлы, Кәрім Батышұлы, Құсайын Бекентайұлы һәм Әбубәкір Алдиярұлы.

Ақмола облысынан: Жанәлі Мырзалыұлы, Жәнібек Ғасайұлы, Иса Малдыбайұлы, Балға Күрлеуітұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Сейітжан Жақанұлы, Есет Жанбайұлы, Қамалетдин Ғабдоллаұлы, Құл Бәуенұлы.

Семей облысынан: Жүмеке Оразалыұлы, Тұрағұл Ибраһимұлы, Әлімхан Ермеқұлы, Халел Ғаббасұлы, Ахмет Шегірулы, Қабыш Бердалыұлы, Ахметолла Барлыбайұлы.

Жетісу облысынан: Өмірәлі Айдабосынұлы, Жарылғасын Отарбайұлы, Мәнке Ысмайылұлы, Иса Тергеусізұлы, Сатылған Сабатайұлы, Нәжіп Хамитұлы, Нүсіпбек Жақыпбайұлы.

Сырдария облысынан: Әзімхан Кенесарыұлы, Имамбек Сарымсақұлы, Имамберді Ержігітұлы, Серкүл Алдабергенұлы, Мәуленкүл Байзақұлы.

Самарқанд облысынан: Сағдат Шахмарданұлы.

Сиез шақырушылар: Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Сағындық Досжанұлы, Міржақып Дулатов.

Түрлі ұйымдардан һәм газеттерден: Мұртаза Нұрсейітұлы, Әбдірахман Мұртазаұлы, Ғабдолғазиз Өлкешұлы, Бернияз Күлейұлы, Ғабдолхамит Жүндібайұлы, Ғабдолғазиз Мұсаұлы, Хошмұхамет Кемеңгерұлы, Хайретдин Болғанбайұлы.»[5] болған болатын. Алайда осында бір байқайтынымыз Самарқанд секілді облыстардан келген зиялылар болатын болса, өзімізге этникалық туыс болып келетін өзбек пен қырғыз халықтарының автономияға болмаса, одақтық қарым-қатынасқа дайын екенін көруге болады деген қорытындыға келеміз.

«Башқұрт өкілі Ахмет Заки Валиди, Орынбор мұсылман әскері, Шора өкілі- прапорщик Баширов, «Яңы уақыт» газетінің бас жазушысы Ф.Кәрімов, Орынбор әскери округінің өкілдері Тимофей Седельников, Абдрауф Богданов һәм басқалар сиезді құттықтап, қазақ халқын бірлікке үндеді»[6] секілді басқа ұлт өкілдерімен байланысқа түсуі, Алаш автономиясының құрылу сәтінде олардың болуы көптеген дипломатиялық қарым-қатынастарға мән береді. Орынбор аймағының өкілдері мен башқұрт зиялы қауымының жиналуы еуразиялық идеяны әрі қарай күшейте түсті. Себебі, жиындар арқылы, сол кездегі бұқаралық ақпарат құралы-газет арқылы болашаққа ортақ мақсат пен жоспар құра алған болатын. Сондай мақсаттарының бір нәтижесі ретінде олар еуразиялық идеяны көрді. Сол сиезде қойылған бірнеше мәселелердің бірі ретінде «Сібір, Түркістан автономиясы һәм 'Юго-Восточный союз' туралы» көтерілді. «Орынбор қазақ-орыс әскерінің 3 округ өкілі... сиезді құттықтап қазіргі бүліншіліктен құтылу үшін "Юго-Восточный союзға" қосылындар деді.» осындай үндеулер қосылуға, анархияға қарсы идеялардың болғандығын тікелей көрсетеді. Ал сол кездегі үкіметтер мен халықтар арасындағы бірлік пост-империялық мемлекеттер үшін өте маңызды болды. Себебі, жаңа құрылған мемлекеттер әлі күнге дейін бір-бірінің арасындағы байланысты жоғалтқысы келмеді, сонымен қатар, геосаяси мінеземелердің сақталуы олардың байланысының күшеюіне алып келді. Әрине, Алаш үкіметі өз алдына тәуелсіздік деген маңызды мақсатты қойған болатын. Бірақ олардың түсінігі бойынша, сол кездегі саяси тұрақсыздық пен халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігі секілді мәселелерді шешу үшін автономиялық бірлік, мемлекеттер арасындағы достық пен дипломатиялық қарым-қатынастардың күшеюін алдыңғы қатарлы қажеттілік ретінде қойды. Сол сиездегі қаулы еткен шешімдердің бірі ретінде де тоғызыншы бөлім бойынша, оның 6 тармағы бойынша «өзге автономиялы көрші халықтармен одақтасу жайына сөйлесуге, бірақ мұның шарттарын бекітуші Алаш құрылтайы» болып қаулы етілге нболатын. Бұл арқылы тағы да Алаш автономиясының еуразиялық интеграцияға да, әлемдік деңгейдегі интеграцияға да қол жеткізуге тырысқанына көзіміз жетеді.

Ал сол кездегі үкіметтердің арасындағы, зиялы қауымдардың арасындағы маңыздылықты осыдан көреміз: «Так, из г. Винницы 25 ноября была послана срочная телеграмма "Главе правительства Сибири Потанину в Томск" следующего содержания: "Как патриот Сибири, пытаюсь обратить внимание Ваше на крайнюю необходимость решительно защищать интересы даже существования Сибири путем мирных переговоров. Необходимо представительство, необходимо выявление полномочий перед союзниками и совместные выступления с украинцами, а также обращение за поддержкой к Сибирским войскам. Действовать нерешительно, значит пожертвовать целостью Сибири. Бывший председатель Сибирских землячеств в г. Москве доктор Белавин, Литвичев, подполковник Подольский.» [7], «30 ноября из действующей армии "Министру-председателю Потанину" послана такая телеграмма: 'Сибирское объединение, воины сибиряки шлют свой горячий привет свободной родной Сибири. Оторванные на тысячи верст от родных лесов и полей, мы затрудняемся, как нам теперь поступать. Просим Ваших указаний, сибиряки 37-го Туркестанского полка, по уполномочию Мордовский» [8]. 1917 жылдың 10 желтоқсанында Том қаласында жазылған бұл мақала халықтардың арасындағы байланыстың маңыздылығын бізге әрі қарай түсіндіреді: «...обращается ко всем существующим органам краевой власти, именно к правительствам Кавказа, Сибири, органам власти автономной Башкирии и к остальным организованным властям, а равно к народному совету в г. Петрограде с предложением немедленно вступить в переговоры с генеральным секретариатом об образовании социалистического правительства в России на основе следующей платформы: заключение общего демократического мира; современный созыв Всероссийского учредительного собрания.». Яғни, бұл одақтың құрылуына, байланысқа тек Алаш үкіметі ғана емес, сонымен қатар, Сібір үкіметі де мүдделі болды. Және осы Сібір үкіметінің идеологиясы арқылы Кавказ, Башқұртыстан, Алаш үкіметтерінің арасындағы байланыс арқылы геосаяси жағдайын құрып, дамытқысы келді. Болашақта ол идея бірібір де Тәуелсіз Қазақстан алған нәтижелермен бірдей немесе одан да асқан жақсылықтарды алушы едік деген ойдамын. Себебі, әлі күнге дейін

біз КСРО-ның мұрагерлерінің болып қалуымыз көптеген саяси, экономикалық аспектілерге әлі күнге дейін әсер беруде.

Ал, 1918 жылдардағы азаматтық соғыс жылдарындағы қиын-қыстау уақытта Уақытша Сібір үкіметі мен Алаш-Орданың арасындағы хаттардан бір-біріне деген көмектің мұқтаждығы мен өзара байланысының үздіксіз болғандығы екі ұқсас үкіметтің арасын жақындатуға тырысқан болатын.

Қорытындылай келгенде, Еуразиялық идея қазіргі таңда өзінің қолданыс аясын табуды. Ал, оның болашақтағы әрі қарай өмір сүруі мен дамуы айқын көрініс табады. Оның тіпті басқа ұйымдар арқылы әрі қарай қолданылуы әбден мүмкін. Әлемдік деңгейде бұндай ұйымдардың болуы да Қазақстанның беделін көтеруі әбден мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Трепавлев В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблемы исторической преемственности. -М., 1993.
2. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. - Алматы, 2005. - Т 2. - С. 185-186.
3. Шиловский М. В. Гуманитарные проблемы военного дела. - № 2, 2016. - С. 59.
4. Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Президенті. Еуразиялық Одақ: Идеядан болашақтың тарихына. // «EgemenQazaqstan», 27 Қазан, 2011.
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 .ж- желтоқсан 1917 ж.. -Алматы: "Алаш", 204. 1-томындағы № 182 құжатта жарияланған.
6. Из редакционного сообщения о Чрезвычайном общесибирском съезде. 13 декабря 1917 года.(АП РК)
7. Телеграмма Чрезвычайного сибирского областного съезда депутатов - представителей революционных демократических организаций областному земству городской думы, Совету рабочих, солдатских и крестьянских депутатов, мусульманскому комитету, казахскому Совету депутатов и Союзу кредитных товариществ, опубликованная под заголовком 'Сибирская автономия'. 17 декабря 1917 г.(АП РК)
8. Свободная речь. - 1917. - № 10.

«ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ДӘРІГЕР ҚЫЗЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, «АЛАШ» ПАРТИЯСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ӨКІЛІ- АҚҚАҒАЗ ДОСЖАНОВА»

Алтынбек Г.Б.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

kidralieva_a.b@mail.ru

Қарағанды қ.

Аққағаз Досжанова — қазақ тарихында ерекше орын алатын, өз батырлығымен және қоғамдық қызметімен елінің маңдайына біткен бағы болған қайсар қыздар қатарында. 1900 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақтың талантты да, ұлтшыл аяулысы. Аққағаз Досжанова — заманында қайраткерлігімен өз ортасынан суырылып алға шыққан. Сол кезеңнен бастап елдің жоғын жоқтап, халықтың қамын жеп сөзін сөйлеген. 1917 жылы қазақ зиялылары ұйымдастырған Мәскеудегі Татар слободасындағы медреседе өткен бас қосуға қатысып, ислам елдерінің азат болуы туралы баяндама жасайды. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік.

«Қазақтың тұңғыш дәрігер қызы, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының белсенді өкілі-Аққағаз Досжанова» атты тақырыптың маңыздылығы бүгінгі таңда қазақ қыздарының жеке тұлғалардың рөлін көрсету қажеттілігінде жатыр. Аққағаз Досжанова — өз кәсібінде жоғары біліктілігімен, адамдарға деген жанашырлығымен ерекшеленетін жан. Оның қызметі мен жетістіктері қазақ халқына, әсіресе, медицина саласында жаңа стандарттар мен инновациялар енгізуге ұмтылатын жастарға үлгі болады.

Аты көп кездесе бермейтін тұлға болғандықтан, Аққағаз Досжанова өз кәсібінің шебері ретінде, Қазақстанның медициналық жүйесінде ерекше орын алады. Ол медицинаның түрлі аспектілерін зерттеу және дамыту арқылы ғана емес, сонымен қатар, пациенттермен тығыз байланыс орнатып, олардың денсаулығын жақсартуға арналған маңызды жұмыстар атқарды.

Осы мақалада Аққағаз Досжанованың жеке және кәсіби жетістіктері арқылы қазақ медицинасындағы үлесін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін ақпараттар ұсынылады. Оның тағдыры мен еңбектері қоғамымыздағы дәрігерлердің маңызды рөлін көрсетеді, сонымен қатар, медицина саласында тың идеялар мен инновацияларға ашық болудың қажеттілігін айқындайды.

Аққағаз Досжанова 1893 жылы 21 мамыр күні Орынбор губерниясына қарасты Торғай облысы, Ақтөбе уезінің бесінші ауылында (қазіргі Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Бөрте ауылы) дүниеге есігін ашады. Ол туралы 1993 жылы «Ақиқат» журналының №6 номерінде филология ғылымының кандидаты Р.Сыздыққызы